

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасы Үкіметінің арасындағы экономикалық Даму және Ынтымақтастық қорының заемдарына қатысты КЕЛІСІМ

КЕЛІСІМ Астана қаласы 1999 жылғы 24 тамыз. Қол қойылған күнінен бастап күшіне енді.;

Бейресми аударма

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасының Үкіметі (осында және бұдан әрі - "Уағдаласуыш Тараптар" деп аталатын), Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корей Республикасы Үкіметінің арасында Корей Республикасы Үкіметінің Экономикалық Даму және Ынтымақтастық Қорының (осында және бұдан әрі - "ӘДҮҚ" деп аталатын) заемдарын беруге қатысты қол қойылған Шартқа сәйкес мыналар туралы келісті:

1-бап

(1) Телекоммуникация жүйесін жетілдіру Жобасын (осында және бұдан әрі "Жоба" деп аталатын) іске асыру үшін Корей Республикасының Үкіметі Корей Экспорт-Импорт Банкінің (осында және бұдан әрі "Банк" деп аталатын) Үкіметтік ӘДҮҚ Агенттігінен Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсеткен агенттікке заем (осында және бұдан әрі - "Заем" деп аталатын) беруге міндеттенеді.

(2) Заем бойынша Заемші "Индустріялық парк" Акционерлік қоғамы болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі Заем бойынша Банкке тиісті тұрғыда ресімделген кепілін беруге міндеттенеді.

(3) Заемның сомасы 16,269,000,000-та (он алты миллиард екі жүз алпыс тоғыз миллион) дейін корей вонын құрайды.

2-бап

Заемші мен Банктың арасында жасалатын Заемның мерзімдері мен шарттары, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі ресімдер несиелік келісіммен (осында және бұдан әрі - "Несиелік Келісім" деп аталатын) айқындалады, және мынадай қағидаларды қ а м т и д ы :

(1) өтеу мерзімі жеті (7) жыл женілдік кезеңді қоса есептегендеге жиырма бес (25) жылды құрайды;

(2) проценттік ставкасы жылына үш (3) процентті құрайды;

(3) игеру кезеңі Несиелік Келісімге қол қойылған күннен кейінгі қырық екі (42) айды немесе Заемші мен Банктің арасында келісілетін басқа осындай кезеңді құрайды;

(4) қызмет көрсеткені үшін ақыны тікелей төлем жүзеге асырылған жағдайда әр игеру сомасынан немесе аккредитив шығарылған жағдайда аккредитивтің сомасынан бір проценттен оннан бірін (0,1%) Банк алуды тиіс. Заемнің қаражатын игеру рәсімдеріне, Несиелік Келісім бойынша Банкке төленуі тиіс қарыздың негізгі сомасын немесе проценттерін төлеуге байланысты коммерциялық банктар ұсынатын қызмет көрсетулер үшін барлық банктік шығасылар және/немесе шығындар екі елдің тартылған коммерциялық банктарінің арасында жасалуды тиіс келісімге жатады; және

(5) егер Заемші Заем бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша төлемнің бүкіл сомасын немесе қандай да бір бөлігін Несиелік Келісім бойынша төлеу мерзіміне төлемесе, төленбеген сомаларға Несиелік Келісімде белгіленген проценттік ставкадан екі процент (2%) ставка бойынша айыппұл проценттер есептеледі.

3-бап

(1) Заемнің қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алу үшін қолайлы көз-ел Корей Республикасы болып табылады.

(2) Заемнің қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді берушілер қолайлы көз-елдің берушілерінің арасындағы шектелген халықаралық тендердің немесе Заемші мен Банктің арасында келісілуі тиіс кез-келген басқа да әдістердің **негізінде таңдалуды тиіс.**

(3) Қолайлы көз-елден басқа елдерден импортталатын материалдардан тұратын тауарлар егер имортталатын бөлігі мұндай тауарлардың келісімшарттық бағасының елу процентінен (50%) төмен болған жағдайда Заемнан қаржыландырылуға қабылдануы мүмкін. Мұндай имортталатын бөліктің үлесін есептеуге арналған формула **Несиелік Келісімде сипатталады.**

(4) Сатып алудың егжей-тегжейлі әдісі мен рәсімдері Несиелік Келісіммен айқындалатын болады.

4-бап

Егер Заемнің қаражатынан қол жетімді қорлар Жобаны іске асыру үшін жеткіліксіз болса, Заемші мұндай қорларды қамтамасыз ету үшін деру шаралар қабылдауы тиіс.

5-бап

Заемнің қаражатын жобаны дамытуға сәйкес несиелік Келісімде айқындалған игеру кезеңінің ішінде және Несиелік Келісім бойынша игеру рәсімдеріне сәйкес Заемнің сомасынан аспайтын сомаға Заемшіге немесе Заемшінің атынан Банк ұсынуы тиіс.

6-бап

Несиелік Келісімде көрсетілетін басқа да мерзімдер мен шарттар Заемші мен Банктің арасындағы келіссөздер жолымен айқындалуы қажет.

7-бап Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және, егер өзгеше келісілмесе Заемші Несиелік Келісім бойынша барлық міндеттемелерді орындағанша қолданымда болуы тиіс.

1999 жылғы 24 тамызда екі данада ағылшын тілінде жасалды, екі дананың бірдей күші бар.

(Қ о л д а р ы)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК